КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 9 қазан №4360-23-00-2/2246 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Нариман» атауымен әрекет етуші Галиолла Нариман Айдынұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Нариман» атауымен әрекет етуші Галиолла Нариман Айдынұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нариман» атауымен әрекет етуші Галиолла Нариман Айдынұлы шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Нариман» атауымен әрекет етуші Галиолла Нариман Айдынұлынан мемлекет пайдасына сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Сот өндірісі
Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 09.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Бержанов К. М., 19.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 09.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Бержанов К. М., 19.11.2023

4360-23-3-1/2421